

<https://doi.org/10.31489/3106-9649/2026-2-3.GSD/33-40>

ЭОЖ 378.1

Мақаланың редакцияға түскен күні: 10.02.2026 ж. | Қабылданған күні: 15.03.2026 ж.

Д.Ф. Жаксыбай^{1*}, Д.А. Кадирбаева²

^{1, 2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан
(*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: dilnazzhaksybay@gmail.com)

¹ORCID ID: 0009-0005-6633-0402

²ORCID ID: 0000-0001-7258-1017

Білім алушылардың оқу-зерттеу қызметіндегі жасанды интеллект: көмекші құрал ма, әлде ойлау дербестігіне қауіп пе?

Жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында жасанды интеллект технологиялары білім алушылардың оқу және зерттеу қызметін ұйымдастырудың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Генеративті жасанды интеллект жүйелері, әсіресе ChatGPT және соған ұқсас құралдар, ақпаратты іздеу, материалдарды бастапқы талдау, мәтін құрастыру және ғылыми идеяларды құрылымдау үшін кеңінен қолданылады. Алайда мұндай технологияларды қолдану аясының кеңеюі оқу үдерісіне жана мүмкіндіктер әкелумен қатар, олардың педагогикалық тиімділігі, білім алушылардың дербестігіне ықпалы және сыни ойлауды дамытуға әсері туралы ғылыми пікір-таластарды күшейтті. Осыған байланысты жасанды интеллекттің академиялық ортадағы рөлін жан-жақты талдау қазіргі зерттеулердің өзекті бағыттарының біріне айналып отыр. Мақалада білім алушылардың жасанды интеллектті пайдалану ерекшеліктері және оның зерттеушілік ойлауды дамытудағы рөлі қарастырылған. Зерттеудің эмпирикалық негізін «География–Тарих» білім беру бағдарламасының үшінші курсына оқитын 10 білім алушы арасында жүргізілген сауалнама деректері құрайды. Сауалнама нәтижесі жасанды интеллектті ақпаратты талдауға көмектесетін құрал ретінде бағалайтынын көрсетті. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллекттің академиялық үдерістегі екіжақты рөлін айқындайды: бір жағынан, ол зерттеу жүргізуде тиімді көмекші құрал болса; екінші жағынан, оны жауапты, сыни және этикалық тұрғыдан орынды пайдалану мәдениетін қалыптастыруды талап етеді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, генеративті жасанды интеллект, зерттеушілік дағдылар, зерттеушілік ойлау, жоғары білім, цифрлық технологиялар, оқу-зерттеу қызметі.

Kipicne

Цифрлық технологияларды білім беру ортасына белсенді енгізу білім алушылардың оқу және зерттеу қызметінің сипатын едәуір өзгертуде. Соңғы жылдардағы ең айқын құбылыстардың бірі мәтін құрастыра алатын, тапсырмаларға шешім ұсына алатын, материалдарды жүйелей алатын және зияткерлік көмекші қызметін атқара алатын генеративті жасанды интеллект жүйелерінің кең таралуы болды. Қазіргі зерттеулер білім алушылардың генеративті жасанды интеллектті жалпы алғанда оң

кабылдайтынын және оны дербестендірілген оқу қолдауымен, жазба жұмыстарын орындауға көмектесумен, идеялар іздеумен және талдамалық қызметпен байланыстыратынын көрсетеді [1].

Сонымен қатар ғылыми әдебиеттерде мұндай технологиялардың білім беру әлеуетін біржақты оң құбылыс ретінде бағалауға болмайтыны атап көрсетіледі. Дайын мәтіндерге, тұжырымдарға және түсіндірмелерге жеңіл қол жеткізу, егер жасанды интеллектіні пайдалану сыни рефлексиямен және ақпаратты тексерумен қатар жүрмесе, дербес зияткерлік жұмыстың тереңдігін төмендетуі мүмкін [2]. Бірқатар зерттеулерде жалған дереккөздердің пайда болуы, фактілік дәлсіздіктер, алгоритмдердің шектеулі айқындығы және орынсыз алынған мәтіндерді анықтаудың дәстүрлі тәсілдерін айналып өту қаупі де атап көрсетіледі [3].

Тағы бір маңызды қыры — қазіргі білім беру тәжірибесінде жасанды интеллектің тек дайын жауап көзі ретінде ғана емес, сонымен бірге зерттеу үдерісін қолдайтын құрал ретінде қарастырылуы. Зерттеушілер жасанды интеллектің зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға көмектесу, ғылыми әдебиетті жүйелеу, гипотезалар ұсыну, деректерді алдын ала талдау және академиялық мәтіндерді тілдік тұрғыдан редакциялау сияқты функцияларын бөліп көрсетеді [4–5]. Алайда мұның білім алушылардың зерттеушілік ойлауын шын мәнінде дамыта ма, әлде керісінше, білім алушының өзіне тиесілі танымдық күш-жігердің бір бөлігін алмастыра ма деген мәселе әлі де ашық күйінде қалып отыр. Бұл мәселе болашақ педагогтарды, оның ішінде гуманитарлық-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларында оқитын білім алушыларды даярлау үдерісінде ерекше маңызға ие. Олар үшін цифрлық құралдарды тиімді пайдалану ғана емес, сонымен бірге ақпарат сапасын сыни тұрғыдан бағалау, фактілік қателерді анықтау, зерттеу сұрақтарын тұжырымдау және өз дәлелдерін құра білу де маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, білім алушылардың жасанды интеллектіні нақты қалай қолданатынын және оның қолданылуымен қандай педагогикалық әсерлерді байланыстыратынын эмпирикалық тұрғыдан зерттеу қажет болып көрінеді.

Мақаланың мақсаты — білім алушылардың жасанды интеллектіні пайдалануының негізгі ерекшеліктерін анықтау және оның зерттеушілік ойлауды дамыту тұрғысынан оқу-зерттеу қызметіндегі рөлін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: білім беруде жасанды интеллектіні қолдануға қатысты ғылыми тәсілдерді талдау; білім алушылардың жасанды интеллектіні пайдалану жиілігі мен негізгі бағыттарын зерттеу; оның қабылданатын артықшылықтары мен тәуекелдерін анықтау; алынған нәтижелерді қазіргі зерттеулердің қорытындыларымен салыстыру.

Әдістер мен материалдар

Зерттеудің эмпирикалық бөлігі «География–Тарих» білім беру бағдарламасында білім алатын білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне негізделді. Деректер 25 жабық және жартылай жабық сұрақтан тұратын онлайн сауалнама арқылы жиналды. Сұрақтар жасанды интеллектіні оқу және зерттеу үдерісінде қолдану жиілігін, сондай-ақ оның ықпалына қатысты білім алушылардың көзқарастарын анықтауға бағытталды. Зерттеуге 10 респондент қатысты. Іріктеме көлемінің шектеулі болуына байланысты алынған нәтижелерді мәселенің бастапқы көрінісін анықтауға мүмкіндік беретін деректер ретінде қарастырған жөн. Соған қарамастан, олар негізгі үрдістерді айқындауға және зерттеуді одан әрі жалғастырудың бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Сауалнама сұрақтары бірнеше мазмұндық бөлім бойынша топтастырылды: жасанды интеллектіні пайдалану жиілігі, генеративті жасанды интеллект құралдары туралы хабардарлық деңгейі, практикалық қолдану бағыттары, зерттеу сұрақтарын құрастырудағы жасанды интеллектінің рөлі, мәтінді тексеру және өңдеу үдерісінде қолданылуы, оның сыни ойлауға ықпалына қатысты пікірлер, жасанды интеллект ұсынатын ақпаратқа деген сенім және оның оқу мен ғылыми жұмыс үшін маңыздылығын бағалау. Мұндай құрылым жасанды интеллектіні қолдану жиілігін ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың оның педагогикалық және танымдық әсеріне қатысты көзқарастарын да талдауға мүмкіндік берді.

Жиналған деректерді өңдеуде сипаттамалық статистика әдістері қолданылды, атап айтқанда жиіліктер, пайыздық үлестер және шкалалық сұрақтар бойынша орташа мән есептелді. Ашық сұрақтарға берілген жауаптар қайталанатын пікірлер мен мазмұндық ерекшеліктерді анықтау мақсатында сапалық тұрғыдан талданды. Бұдан кейін эмпирикалық нәтижелер жоғары білім беру жүйесіндегі генеративті жасанды интеллектінің мүмкіндіктері мен тәуекелдеріне арналған заманауи ғылыми еңбектердегі қорытындылармен салыстырылды. Мұндай тәсіл сауалнама нәтижелерін

кеңірек академиялық контексте түсіндіруге және жергілікті деңгейде алынған деректерді халықаралық зерттеулермен сабақтастыруға мүмкіндік берді.

1-кестеде іріктеменің жалпы сипаттамасы мен білім алушылардың жасанды интеллектіні қолдануға қатысты ұстанымдарын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер берілген.

1 - кесте

Білім алушылардың жасанды интеллектіні пайдалану деңгейінің негізгі көрсеткіштері


Көрсеткіш	Мәні
Респонденттер саны	10
ЖИ-ді тұрақты түрде қолданатындар	6 адам (60 %)
ЖИ-і кейде қолданатындар	4 адам (40 %)
ЖИ-ді оқу-зерттеу қызметіне ықпалының орташа бағасы	3,4/5
Ғылыми жұмыстарда ЖИ көмегінің орташа бағасы	3,7/5

Нәтижелер және оларды талқылау

Сауалнама нәтижелері жасанды интеллектің зерттеуге қатысқан білім алушылардың күнделікті оқу тәжірибесіне еніп үлгергенін көрсетеді. Барлық респонденттер оқу үдерісінде жасанды интеллект құралдарын қолданатынын атап өтті: олардың 60 %-ы оны тұрақты түрде пайдаланса, 40 %-ы кей жағдайда қолданатынын көрсетті. Аталған нәтижелер 1-суретте берілген. Жалпы алғанда, бұл үрдіс жоғары оқу орындарында білім алушылардың академиялық тәжірибесіне генеративті жасанды интеллект сервистерінің жедел еніп жатқанын көрсететін халықаралық зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес келеді.


Сіз оқу үрдісінде жасанды интеллект құралдарын (ChatGPT, Claude, Gemini және т.б.) қолданасыз ба?

10 responses



1-сурет. Жасанды интеллектіні қолдану жиілігі

Жасанды интеллектіні қолдану бағыттарына келетін болсақ, ең жиі аталған функция ақпаратты іздеу және талдау болды: бұл бағытты 10 білім алушының 8-і (80 %) көрсетті. Жауаптарды құрастыру, материалды жүйелеу және тілдік тұрғыдан өңдеуді қамтитын мәтінмен жұмысқа қатысты қолдауды 5 респондент (50 %) атады. Ал зерттеуді жоспарлауды жасанды интеллектіні қолданудың дербес бағыты ретінде тек 1 білім алушы (10 %) көрсетті. Тиісті нәтижелер 2-суретте берілген.



2-сурет. Білім алушылар жасанды интеллектіні қолданатын негізгі оқу тапсырмалары

Алынған нәтижелер маңызды бір тұжырым жасауға мүмкіндік береді: зерттеуге қатысқан білім алушылар үшін жасанды интеллект ең алдымен ақпаратқа жедел қол жеткізудің және мәтінмен жұмыс істеуді қолдаудың құралы ретінде көрінеді, ал зерттеуді толыққанды жобалауға арналған орта ретіндегі рөлі әзірге айқын байқалмайды. Бұл тұжырым С. Chan мен W. Hu еңбектеріндегі қорытындылармен ішінара сәйкес келеді, онда білім алушылар генеративті жасанды интеллекттің дербестендірілген қолдау көрсету, жазуға көмектесу және зерттеуге қатысты талдамалық функцияларын ерекше бағалайтыны көрсетілген. Сонымен бірге біздің пилоттық зерттеуіміз жасанды интеллекттің зерттеуді жоспарлау қызметі ақпаратты іздеу мен мәтін құрастыруға қарағанда әлсіздеу көрінетінін байқатады.

Сауалнаманың маңызды бөлімдерінің бірі білім алушылардың жасанды интеллекттің ақпаратты талдауға және сыни ойлауға ықпалы туралы көзқарастарын анықтауға арналды. Он респонденттің тоғызы (90 %) жасанды интеллект ақпаратты неғұрлым тиімді талдауға көмектеседі деген пікірмен келіскен немесе толық келіскен. Алайда сыни ойлауды дамытуға қатысты сұраққа берілген жауаптар басқа көрініс көрсетті: тек 4 білім алушы (40 %) жасанды интеллект оның дамуына белгілі бір деңгейде ықпал етеді деп көрсетсе, 6 білім алушы (60 %) мұндай әсерді байқай алмаған. Бұл деректер жасанды интеллекттің ыңғайлы талдау құралы ретінде қабылдау мен талдау әрекетінің сыни ойлаумен толық сәйкес келе бермейтінін түсіну арасында елеулі айырмашылық бар екенін аңғартады.

Жасанды интеллекттің ойлау дербестігіне ықпалына қатысты жауаптар да назар аударуға тұрарлық. Алты білім алушы (60 %) жасанды интеллектті қолдану зияткерлік дербестікті төмендетеді деп есептесе, тағы екі респондент (20 %) мұндай ықтималдықты ішінара мойындаған. Тек екі білім алушы (20 %) мұндай қауіптің жоқ екенін көрсеткен. Осылайша респонденттердің 80 %-ы жасанды интеллектті қолдануды өздерінің зияткерлік күш-жігерінің әлсіреуімен тікелей немесе жанама түрде байланыстырады. Осындай алаңдаушылықтар ChatGPT-ті білім беру үдерісіне жауапты түрде енгізуге арналған зерттеулерде де көрініс табады, онда студенттің ойлауын алмастырмай, керісінше оны күшейтетін педагогикалық тәжірибелерді қалыптастырудың маңыздылығы атап көрсетіледі.


Жасанды интеллекттің практикалық пайдалығын бағалау үшін академиялық жазу мен зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға қатысты жауаптардың маңызы ерекше. Алты білім алушы (60 %) жасанды интеллектті қолданғаннан кейін ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу дағдылары аздап жақсарғанын айтқан; бір респондент (10 %) айтарлықтай жақсаруды көрсеткен; ал тағы біреуі (10 %) ешқандай өзгеріс байқамаған. Сонымен бірге екі респондент (20 %) жасанды интеллекттің ықпалын теріс бағалап, өз дағдыларының нашарлағанын атап өткен. Бес білім алушы (50 %) жасанды интеллект география мен тарих бойынша неғұрлым терең зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға көмектеседі деп есептесе, төрт респондент (40 %) мұндай көмекті тек кей жағдайда байқайды, ал тек біреуі (10 %) теріс жауап берген. Бұл жауаптар білім алушылардың жасанды интеллектті зерттеу міндеттерін толық шешетін әмбебап құрал ретінде емес, бастапқы зияткерлік қолдаудың ресурсы ретінде қабылдайтынын көрсетеді.

Академиялық сенімділік тұрғысынан алғанда, жасанды интеллект ұсынатын ақпаратқа деген сенімге қатысты нәтижелер ерекше назар аудартады. Тек бір білім алушы (10 %) мұндай ақпаратқа еш тексерусіз сенетінін мойындаған. Бес респондент (50 %) жағдайға байланысты ғана тексеретінін

көрсетсе, төрт білім алушы (40 %) жасанды интеллект ұсынған мәліметтерді үнемі тексеретінін айтқан. Сонымен қатар тоғыз респондент (90 %) тарих пен географияға қатысты материалдарды іздеу барысында жасанды интеллект ұсынған ақпаратта қателерді байқағанын көрсеткен: олардың бесеуі мұндай қателерді кейде, ал төртеуі жиі кездесетінін айтқан. Аталған нәтижелер 3-суретте берілген.

Тарихи немесе географиялық тақырыптар бойынша мәлімет іздегенде жасанды интеллект қателіктер жасауын байқадыңыз ба?

10 responses



3-сурет. Білім алушылардың тарихи-географиялық тақырыптар бойынша жасанды интеллект жіберген қателерді байқауы

Сауалнаманың негізгі сұрақтары бойынша алынған басты нәтижелер 2-кестеде ұсынылған.

2 - к е с т е

Сауалнаманың негізгі сұрақтары бойынша жинақталған нәтижелер

Көрсеткіш	Абс.	Үлес, %
Ақпаратты іздеу және талдау — ЖИ қолданудың негізгі міндеті	8	80
Мәтін дайындау	5	50
ЖИ ақпаратты жақсырақ талдауға көмектеседі	9	90
ЖИ ойлау дербестігін төмендетеді (иә/кей жағдайда)	8	80
Тарихи-географиялық тақырыптарда ЖИ қателерін байқаған	9	90
ЖИ-ді зерттеу жұмысында қажет деп санайды	10	100

Сондай-ақ респонденттердің барлығы (100 %) жасанды интеллектіні зерттеу жұмысы үшін қажет деп есептейтінін атап өткен жөн. Алайда бұл қажеттіліктің мазмұны әртүрлі түсіндіріледі: қатысушылардың 80 %-ы оны белгілі бір жағдайда пайдалы құрал ретінде қарастырса, 20 %-ы міндетті ресурс ретінде бағалаған. Ашық жауаптарда білім алушылар жасанды интеллектіні көбіне ақпарат іздеу мен жинақтау, деректерді талдау, мәтінді құрылымдау және зерттеу сұрақтарын тұжырымдау үшін қолдануды ұсынған. Бұл нәтижелер М. Rahman мен Y. Watanobe еңбектеріндегі қорытындылармен жалпы алғанда сәйкес келеді, онда ChatGPT оқу үдерісін қолдайтын, жоспарлауға көмектесетін, күрделі ұғымдарды түсіндіретін және бастапқы талдау жүргізуге мүмкіндік беретін құрал ретінде сипатталады [5].

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері жасанды интеллектіні зерттеушілік ойлауды дамытатын тек жағымды фактор ретінде біржақты түсіндіруге негіз бермейді. Керісінше, оның ықпалы екіұшты сипатқа ие. Бір жағынан, жасанды интеллект күнделікті қайталанатын әрекеттерді жеделдетуге, тақырыпты бастапқы деңгейде игеруге, академиялық мәтіннің тілдік және құрылымдық рәсімделуін жеңілдетуге, сондай-ақ алдын ала талдау жүргізуге көмектеседі. Екінші жағынан, егер жасанды интеллектпен өзара әрекет дайын жауапты сыни бағалаусыз қабылдаумен шектелсе, білім алушы дербес ой қорытуды ең қолайлы тұжырымды таңдаумен алмастыру қаупіне ұшырайды. Осындай алаңдаушылықтар А. Tlili және әріптестерінің еңбектерінде де көрініс тапқан, онда ChatGPT-ті білім беруде қолдануға байланысты адалдық, дәлдік, әділдік және құпиялық мәселелері ерекше аталады [6].

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бұл тыйым салуға негізделген ұстанымнан бас тартып, жасанды интеллектіні әдістемелік тұрғыдан қолдайтын және саналы түрде басқарылатын қолдану моделіне көшудің қажеттілігін білдіреді. Білім беру үдерісінде мұндай құралдарды қолдануға тек рұқсат беру немесе оны шектеу жеткіліксіз, сонымен қатар білім алушыларды сапалы сұраныстар құрастыруға, жасанды интеллект ұсынған жауаптарды ғылыми дереккөздермен салыстыруға, қателерді анықтауға, фактілерді тексеруге және материалды жүйелеуге көрсетілетін көмекті өз зияткерлік әрекетін алмастырудан ажыратуға үйрету маңызды. Тек осындай жағдайда ғана жасанды интеллект зерттеу жұмысында ойлауды алмастыратын құрал емес, шынайы көмекші ретінде қызмет ете алады.

Қорытынды

Жүргізілген бастапқы зерттеу жасанды интеллектінің білім алушылардың күнделікті оқу тәжірибесіне еніп, олардың оқу-зерттеу қызметінде белсенді қолданылып отырғанын көрсетті. Оны қолданудың ең кең таралған бағыттарына ақпаратты іздеу мен талдау, мәтін дайындауға қолдау көрсету және белгілі бір дәрежеде зерттеу міндеттерін тұжырымдауға көмектесу жатады.

Эмпирикалық нәтижелер жасанды интеллектінің білім беру үдерісіндегі рөлінің екіжақты екенін көрсетеді. Бір жағынан, оның оң әлеуеті күнделікті қайталанатын әрекеттерді жеделдетуден, ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтуден, материалды бастапқы жүйелеуді қолдаудан және зерттеу тақырыбын меңгеруге кіру шегін төмендетуден көрінеді. Екінші жағынан, зерттеу барысында бірқатар елеулі тәуекелдер де анықталды, олардың қатарында дайын жауаптарға тәуелділік, дербес ойлаудың әлсіреуі, фактілік дәлсіздіктердің болуы және жасанды интеллект ұсынған ақпаратты үнемі тексеру қажеттілігі бар.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы нақты сауалнама деректеріне сүйене отырып, жаратылыстану-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларында оқитын білім алушылардың зерттеу қызметіндегі жасанды интеллектінің рөлін қалай қабылдайтынын нақтылауымен сипатталады: олар оны зерттеушілік ойлауды толық алмастыратын құрал ретінде емес, маңызды көмекші ресурс ретінде бағалайды. Зерттеудің практикалық маңызы алынған нәтижелерді жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне жауапты енгізуге арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуде және цифрлық зияткерлік жүйелермен сыни тұрғыдан өзара әрекет ету мәдениетін қалыптастыруда қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Алдағы зерттеулердің перспективалы бағыты іріктеме көлемін ұлғайту, әртүрлі білім беру бағдарламалары арасында салыстырмалы талдау жүргізу және жасанды интеллектіні пайдалану қарқындылығы мен білім алушылардың зерттеушілік дағдыларының нақты қалыптасу деңгейі арасындағы байланысты неғұрлым тереңірек айқындау.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Chan, C.K.Y., & Hu, W. (2023). Students' Voices on Generative AI: Perceptions, Benefits, and Challenges in Higher Education. *International journal of educational technology in higher education*, 20(1), 43.
- 2 Lo, C.K. (2023). What Is the Impact of ChatGPT on Education? A Rapid Review of the Literature. *Education Sciences*, 13, 410.
- 3 Baidoo-Anu, D., & Owusu Ansah, L. (2023). Education in the Era of Generative Artificial Intelligence (AI): Understanding the Potential Benefits of ChatGPT in Promoting Teaching and Learning. *Journal of AI*, 7(1), 52–62.
- 4 Halaweh, M. (2023). ChatGPT in education: Strategies for responsible implementation. *Contemporary Educational Technology*, 15(2), ep 421.
- 5 Rahman, M.M., & Watanobe, Y. (2023). ChatGPT for Education and Research: Opportunities, Threats, and Strategies. *Applied Sciences*, 13, 5783.
- 6 Tlili, A., Shehata, B., Adarkwah, M.A., Bozkurt, A., Hickey, D.T., Huang, R., & Agyemang, B. (2023). What if the devil is my guardian angel: ChatGPT as a case study of using chatbots in education. *Smart Learning Environments*, 10, 15.

Д.Ғ. Жаксыбай, Д.А. Кадирбаева

Роль искусственного интеллекта в учебно-исследовательской деятельности студентов: помощник или замена самостоятельного мышления?

В условиях цифровизации системы высшего образования технологии искусственного интеллекта становятся важной составляющей организации учебной и исследовательской деятельности обучающихся. Генеративные системы искусственного интеллекта, в частности ChatGPT и аналогичные инструменты, широко используются для поиска информации, предварительного анализа материалов, подготовки текстов и структурирования научных идей. Вместе с тем расширение практик их применения не только открывает новые возможности для обучения, но и усиливает научные дискуссии относительно педагогической эффективности, влияния на самостоятельность обучающихся и развития критического мышления. В этой связи всесторонний анализ роли искусственного интеллекта в академической среде становится одним из актуальных направлений современных исследований. В статье рассматриваются особенности использования искусственного интеллекта обучающимися и его роль в развитии исследовательского мышления. Эмпирическую основу исследования составили данные анкетирования 10 обучающихся третьего курса образовательной программы «География–История». Полученные результаты показали, что обучающиеся активно используют инструменты искусственного интеллекта: 60 % респондентов применяют их регулярно, а 40 % — периодически. Основными направлениями использования являются поиск и анализ информации (80 %), подготовка текстов (50 %), а также планирование исследования (10 %). Результаты опроса также показали, что 90 % респондентов рассматривают искусственный интеллект как инструмент, способствующий более эффективному анализу информации. В то же время 80 % участников отметили, что его чрезмерное использование может оказывать влияние на самостоятельность мышления. Полученные результаты свидетельствуют о двойственной роли искусственного интеллекта в образовательном процессе: с одной стороны, он выступает эффективным вспомогательным инструментом исследовательской деятельности, а с другой — требует формирования культуры ответственного, критического и этически обоснованного использования.

Ключевые слова: искусственный интеллект, генеративный искусственный интеллект, исследовательские навыки, исследовательское мышление, высшее образование, цифровые технологии, учебно-исследовательская деятельность.

D.G. Zhaksybay, D.A. Kadirbayeva

The Role of Artificial Intelligence in Students' Educational and Research Activities: Assistant or Substitute for Independent Thinking?

Artificial intelligence (AI) technologies have become an important component of learning and research activities in the context of the digitalization of higher education. Generative AI systems, particularly ChatGPT and similar tools, are widely used for information retrieval, preliminary data analysis, text generation, and the structuring of research ideas. While the growing use of these technologies has created new educational opportunities, it has also stimulated extensive scholarly debate regarding their pedagogical effectiveness, their impact on students' autonomy, and their influence on the development of critical thinking skills. Consequently, the role of AI in the academic ecosystem has become an important topic in contemporary educational research. This paper examines students' use of AI technologies and their role in the development of research-oriented thinking. The empirical basis of the study consists of questionnaire data collected from ten third-year students enrolled in the Geography–History program. The survey results indicate that AI tools are actively used by the respondents: 60% reported regular use, while 40% reported occasional use. The primary areas of application include information search and analysis (80%), text preparation (50%), and research planning (10%). Furthermore, 90% of respondents believe that AI facilitates information analysis, whereas 80% consider that increased reliance on AI may affect the independence of students' thinking. The findings highlight the dual role of AI in the academic environment. On the one hand, AI serves as an effective tool for supporting research activities; on the other hand, its use requires the development of responsible, critical, and ethical practices among students.

Keywords: artificial intelligence, generative artificial intelligence, research skills, research thinking, higher education, digital technologies, educational and research activities.

Авторлар туралы мәліметтер

Жақсыбай Ділназ Ғалымжанқызы — 2-курс магистранты, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазақстан; e-mail: dilynazzhaksybay@gmail.com

Кадирбаева Дидар Артыкбаевна — ассистент профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазақстан; e-mail: didar_art@mail.ru

Information about the authors

Zhaksybay Dilnaz Galymzhankyzy — 2nd-year Master's student, Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: dilynazzhaksybay@gmail.com

Kadirbayeva Didar Artykbayevna — Assistant Professor, Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: didar_art@mail.ru